



Бекітемін  
Мектеп директоры

Ж.Р. Даутов

## 2023-2024 оқу жылына дарынды балалармен жұмыс жоспары.

Кез келген қоғамға дарынды адамдар қажет, ал қоғамның міндеті – оның барлық өкілдерінің қабілетін ескеру және дамыту.

Өкінішке орай, әркім өз қабілетін дамыта бермейді. Көп нәрсе отбасы мен мектепке байланысты.

Отбасының міндеті – баланың қабілетін дер кезінде байқау, анықтау, мектептің міндеті – балаға қолдау көрсету, оның қабілетін дамыту, осы қабілеттерді жүзеге асыруға негіз дайындау. Ойлампаз, өздігінен жұмыс жасайтын, шығармашыл тұлғаны дамытудың негізін мектепте қалау керек.

Дарынды балалармен мақсатты және жүйелі жұмыс жүргізу балаларда неғұрлым күрделі ойлаудың синтетикалық ерекшеліктерін (ақыл-ойдың, зейіннің, есте сақтаудың, қиялдың, синтездің, талдаудың және т.б. икемділігі) қалыптасуын тиімді басқаруға, оқушылардың жұмыс істеу қабілеті мен танымдық іс-әрекетінің белсендіруге мүмкіндік береді

### Мақсаты:

Зияткерлік және шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларындағы дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау үшін мектеп жүйесін құруға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

### Міндеттері:

- балалардың дарындылығын анықтау және дамыту және балаларға олардың қабілеттеріне сәйкес, оның ішінде инновациялық технологиялар негізінде атаулы қолдау көрсету;
- қабілетті және дарынды мектеп оқушыларының шығармашылық және зияткерлік қызметтің әртүрлі нысандарына қатысу мүмкіндіктерін кеңейту.

### Күтілетін нәтижелер:

- олимпиадаға, сайыстарға, интеллектуалдық іс-шараларға қатысу арқылы оқушының өзінің шығармашылық қабілетін жүзеге асыруы.
- мектеп жасындағы дарынды балалардың – әртүрлі деңгейдегі конкурс, жарыс, олимпиада, турнирлер жеңімпаздарының санын арттыру.

### Мұғалімнің қызметі:

- дарынды балаларды анықтау.
- дарынды балалармен жұмыс жоспарын құру, оның ішіне күрделілігі жоғары, шығармашылық, зерттеу деңгейлері бойынша тапсырмаларды қосу.
- дарынды балалармен жеке жұмысты ұйымдастыру.
- оқушыларды әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларға, конкурстарға, викториналарға, конференцияларға дайындау.
- дарынды балалардың ата-аналарына балаларының қабілетін дамыту бойынша кеңес беру.
- дарынды балалармен жұмыс нәтижесін бақылау.

### Дарынды балалармен жұмыс істеу принциптері.

- кез келген қызметте жайлылық принципі.

- оқушылардың қабілеттерін жүзеге асыру үшін ұсынылатын мүмкіндіктердің әртүрлілігі принципі.
- сыныптан тыс жұмыстардың рөлін арттыру.
- дамыта оқыту принципі.
- еріктілік принципі.

**Оқушылар міндетті:**

- мәселені көре білу;
- міндеттерді өз бетінше қою;
- әдеби дереккөздермен жұмыс;
- өз жұмысын жоспарлау, есепке алу, бақылау, бағалау;
- конструктивті қарым-қатынас дағдыларын меңгеру, оған мыналар жатады: көпшілік алдында сөз сөйлей білу, полемика барысында өз ойын жүйелі жеткізу, дәлел келтіріп сөйлеу, аудиторияның назарын аударту, басқаларды тыңдау, сөз сөйлеу мәселелері бойынша сұрақ қою, қиын жағдайлардан абыроймен шығу.

**Жұмыстың әдістері:** проблемалық, зерттеушілік, іздеушілік, практикалық әдістер.

**Жұмыс түрлері:** топтық және жеке, жеке және топтық жұмыстарды байланыстыру.

**Жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жұмыстың бағыттары мен формалары
1	Дарынды оқушылардың дерек қорын құру	Қыркүйек	Пән бойынша сауалнама, тест жүргізу
2	Жеке, топтық жұмысты ұйымдастыру	Қыркүйек	Сабақ кестесін құру
3	Ғылыми жұмыс тақырыптарын анықтау	Қыркүйек	Ғылыми жетекшілермен консультация
4	Олимпиадаға дайындық	Қыркүйек-қазан	Ұсыныстарды әзірлеу, мұғаліммен консультация
5	ЖББП бойынша республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңін ұйымдастыру және өткізу	Қараша	Мұғалімнің консультациясы, олимпиада тапсырмаларын орындау
6	ОҒҚ жұмысына дайындалу және қатысу	Қараша	Мұғалімнің консультациясы
7	ЖББП бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне дайындық	Қараша	Мұғалімнің консультациясы, олимпиада тапсырмаларын орындау

8	Олимпиадаға қатысуды талдау	Желтоқсан	Түзету жұмысы
9	Оқушылардың әртүрлі деңгейдегі конкурстарға қатысу дайындығы	Жыл бойы	Жеке, топтық жұмыс
10	Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру және өткізу	Жыл бойы	Видеороликтер жасау, халықаралық мерекелердің ұйымдастыру
11	Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер апталығын өткізу	Жоспар бойынша	Викториналар, қойылымдар, конференциялар
12	Оқушылардың жобалық жұмыстары және ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу	Жыл бойы	Жеке, топтық жұмыс
13	Жобаларды қорғау конкурсына оқушыларды дайындау	Сәуір	Мұғалімнің консультациясы, презентация дайындау
14	Дарынды балалардың ата-аналарына балалардың қабілетін дамыту мәселелері бойынша кеңес беру	Жыл бойы	Жеке жұмыс
15	Дарынды оқушылармен жұмыс мәселелері бойынша мұғалімдердің тәжірибесін зерттеу	Жыл бойы	Мұғалімдермен консультация, ӘБ отырысы
16	Олимпиада тапсырмалары мен оқушылардың зерттеу жұмыстарының қорын жасау	Жыл бойы	
17	Дарынды оқушылармен жұмыс нәтижелерінің мониторингі	Жыл бойы	Қорытынды педагогикалық кеңестің презентациясы